



Қазақстан Республикасы Астана қаласы,
Ә.Бөкейхан көшесі 10, «Қазақстан
Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасының кітапханасы» ММ Жұртшылықпен
байланыс қызметі
Тел.: 8 (7172) 69-30-56, 69-30-54, 75-12-15
E-mail: presidentlibrary.pr.kz@gmail.com

АҢДАТПА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасының «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» семинар- тренингтері

2018 жылдың 17 қыркүйегінде сағат 10.30-да Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің және **2018 жылдың 19 қыркүйегінде сағат 15.00-де** Атырау мұнай және газ университетінің студенттеріне арналған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» семинар-тренингтері өтеді.

ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласының негізінде Елбасы кітапханасының жетекші ғылыми қызметкерлері әзірлеген семинарлар мақаланың басты ережелерін түсіндіруге бағытталған. «Бәсекеге қабілеттілік – ХХІ ғ. ұлт жаңғыруы», «Қазақстанның тарихи жолы мен эволюциялық дамуы», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Ашық сана – болашаққа жол» дәрістері, сондай-ақ семинарға қатысушылармен жүргізілетін топтық ойындар мен психологиялық жаттығулар, тәжірибелік сабақтар сынды тренингтер рухани жаңғыру жөнінде жүйелі түсінік алуға мүмкіндік береді. Семинарлар Атырау облысы оқу орындарының қызметкерлеріне білім беру және мәдени-ағартушылық салаларында жастармен жұмыс жасаудың жаңа технологияларын ұсынады.

Кездесу соңында «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» семинар-тренинг қатысушыларына Елбасы кітапханасының сертификаттары беріледі.

Іс-шара **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрме жобасы аясында өтеді.** Іс-шара ауқымды ғылыми-білім беру, мәдени-ағартушылық, сондай-ақ Атырау облысы бойынша көшпелі экскурсияларды қамтиды.

Іс-шара өткізілетін орын: Студенттер даңғылы, 1, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Азаттық даңғылы, 1, Атырау мұнай және газ университеті